

Текелі қалалық мәслихатының 2023 жылғы 18 қазандағы "Текелі қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға арналған тарифтерді бекіту туралы" № 9-44 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Жетісу облысы Текелі қалалық мәслихатының 2025 жылғы 23 шілдедегі № 34-143 шешімі

Текелі қалалық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

"Текелі қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға арналған тарифтерді бекіту туралы" Текелі қалалық мәслихатының 2023 жылғы 18 қазандағы № 9-44 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 187581 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1. Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
2. Көрсетілген шешімнің 2-қосымшасы осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.
3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Текелі қалалық мәслихатының төрағасы

Б.Тугулбаев

Текелі қалалық мәслихатының 2025
жылғы 23 шілдедегі № 34-143
шешіміне 1-қосымша

Текелі қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	Коммуналдық қалдықтардың жиналған жылдық шамасы, м3
1	Жайлы үйлер	1 тұрғын	1,6
	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	1,65
2	Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,12
3	Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері	1 орын	1,3
4	Балабақшалар, бөбекжай және басқа да мектепке дейінгі мекемелер	1 орын	0,545

5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, банктер, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,559
6	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	2,344
7	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,078
8	Мейрамханалар, дәмханалар, басқада көңіл көтеретін ғимараттар және қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,091
9	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м2	0,348
10	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	Сауда алаңы 1 м2	0,028
11	Дәріханалар	Сауда алаңы 1 м2	0,05
12	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, АЖС	1 машина-орын	9,157
13	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	7,939
14	Гараж кооперативтері, гараждар, паркингтер	1 гаражға	0,037
15	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	0,997
16	Қала аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды, саябақ қалдықтары	1000 қатысушы	0,043
17	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	0,145

Текелі қалалық мәслихатының 2025
жылғы 23 шілдедегі № 34-143
шешіміне 2-қосымша

Текелі қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға арналған тарифтер

Атауы	Есептік бірлік	Теңге (Қосылған құн салығымен)
Жайлы үйлер	1 тұрғын айына	231,5
Жайлы емес үйлер	1 тұрғын айына	238,7

Жеке және заңды тұлғалар үшін бірлігіне (көлеміне) жылдық тариф	1 м3	1736,06
---	------	---------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК